

Успешно студенты на тренингах знакомятся с особенностями целенаправленного взаимодействия, в процессе участия приобретают опыт применения стратегий интерактивного общения.

В обновленных условиях модернизации содержания образования важно будущим педагогам сформировать те компетенции, которые заложены в стандартах, новых образовательных программах и соответствуют их требованиям.

Соответственно у студентов педагогических специальностей при изучении курса «Технология критериального оценивания» будут сформированы компетенции:

– способен применять знания теоретических основ и технологии критериального оценивания в педагогическом процессе;

– владеет способами организации критериального оценивания, применяет соответствующий методический инструментарий;

– способен учитывать психолого-педагогические особенности учебно-познавательной деятельности обучающихся при организации процедуры оценивания.

Развитие образовательных процессов в современном обществе требует от вузов своевременной реализации программ подготовки педагогических кадров.

Список литературы:

1. Об образовании (с изменениями и дополнениями по состоянию на 29.12.2014 г.) http://umc.org.kz/about/science/rezidentura/NPA_DOCS/Закон РК об образовании.pdf

2. Указ Президента РК от 1 марта 2016 года №205 об утверждении Государственной программы развития образования и науки Республики Казахстан на 2016-2019 годы.

3. Концепция 12 – летнего среднего общего образования в РК. – А. 2011

4. Назарбаев Н.А. Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру. Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания». – Астана. – 12 апреля 2017 г.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ АЙТЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ҚАНДАЙ ТӘСІЛДЕР АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА БОЛАДЫ?

Нургалиева Галия Ерсайиновна
Шамганова Жансая Мерекеқызы
Қостанай қаласындағы НЗМ

Аннотация

Оқыту немесе оқу диалогі өзіндік ерекшелігі бар қатынас құралы. Бұл - балалардың өзара қатынасы, мұғалім мен балалардың, оқушы мен оқытушы арасындағы қатынас. Бұл мақалада оқушылардың айтылым дағдысын қалыптастыруға ықпал ететін әдіс-тәсілдер ұсынылады.

Аннотация

Обучение или диалоговое обучение имеет свою особенность как средство общения. Это – взаимоотношение между детьми, учителя и детей, а также учащегося и преподавателя. В этой статье предоставляется методы формирования навыка говорение.

Abstract

The conventional education and the education based on dialogue share a common feature as a means of communication. It is a collaboration among children, along with between teacher and children. In this article WE present methods that foster the formation of speaking skills.

Түйінді сөздер: диалогтік оқыту, айтылым дағдысы, шығармашылық жұмыстар, оқытудағы әдіс-тәсілдер, сөйлесу құралы

Ключевые слова: диалоговое обучение, навык говорение, творческие задания, методы обучения, средство общения

Keywords: dialogue training, skill speaking, creative task, teaching method, means of communication

Оқытудағы тәсілдер мен әдістер түбегейлі өзгеруде. Қазіргі заман оқушысы оқу бағдарламасының білім, білік дағдыларын меңгеру ғана емес, білімді өз бетімен іздеп, оқып үйренуі керек. Ол өзінің оқу қызметін ұйымдастыра отырып, оқуға дайындығын және оқуға икемділігін жоспарлауы тиіс. Бірлескен оқыту әдісі монологтан диалогке қарай ауысуы қажет. Сонымен, диалог - өзара сөйлесу құралы. Егер оқытушының балалармен сөйлесу қатынасы ақсап жатса, ол саналы, санасыз түрде болсын оқушылармен сөйлесуге тырысады. Егер сабақ үдерісінде диалогтік оқыту тәсілі тиімді қолданылса, тілдік қарым-қатынасқа түсіретін тапсырмалар жүйелі пайдаланылса, онда оқушылар тақырып бойынша сындарлы сөйлеуге ынталанады, сауатты жазуға машықтанады, олардың сөйлеу мәдениетінің деңгейі артады.

«Диалогтік оқыту» ғылыми зерттеу нәтижелері сабақта диалогтің маңызды рөл атқаратынын көрсетті. 1934 жылдың өзінде-ақ Выготский өзінің «Ой мен тіл» атты еңбегінде оқу үшін әңгімелесудің маңызды екендігін тілге тиек еткен.[1] Диалог пен оның ерекшеліктері туралы алғашқы пікірлер А.Байтұрсынұлы мен Қ.Жұбановтардың еңбектерінде де айтылған.

Пікір алмасу оқушылармен диалог құру арқылы іске асады, дегенмен оны оқушылар бірлескен зерттеу барысында да анықтай алады. Мерсердің зерттеуіне сәйкес, әңгімелесу оқушылардың оқуының ажырамас бөлшегі болып табылады. Ол субъектіге тартылатын әңгімелесудің үш түрін құрайды:

- Әңгіме-дебат
- Кумулятивтік әңгіме
- Зерттеушілік әңгіме[1]

Сабақтарда топтық диалог, өз - өзімен диалог, сұрақ - диалог, диалог - әңгіме, мульти - диалог түрлерін пайдаланған тиімді.

Қандай факторлар сабақта болатын диалогті болдырмайды?

- Оқытушының өзіне ғана назар аударуы,
- Басқаның пікіріне шыдамдылық танытпауы,
- Өз пікірімен санасуға басқаларды көндіруі,
- Сабақта еркіндіктің болмауы, тәртіпке шақыру ескертпелерінің көп болуы.

Бұл педагогтің авторитарлы, басқаруы мен монологке құрылған қызықсыз сабақтар. Оқушылардың тақырыпты түсінуіне қол жеткізуі үшін мұғалімдер қолданатын сұрақтардың екі түрі: төмен дәрежелі және жоғары дәрежелі сұрақтар кең қолданылады деген пікір бар. Кей кездері төмен дәрежелі сұрақтарды «жабық» немесе «дұрыс емес» сұрақтар деп те атайды. Олар жаттап алуға бағытталған және де оған берілген жауап («дұрыс» немесе «дұрыс емес» деп) бағаланады. Ал жоғары дәрежелі сұрақтар қойылғанда, оқушылар ақпаратты белгілі бір жолдармен қолдануға, қайта құруға, кеңейтуге, бағалауға және талдауға тиіс болады. Тиімді педагогика аясында бұл сұрақтардың екі түрі де қолданылады, тек қойылатын сұрақтың түрі оның мақсатына қарай өзгеріп тұрады. Оның үстіне, сұрақты оқушылардың білім алу қабілеттеріне сәйкес болатындай етіп құру қажет. Түрлі мүмкіндіктерге және түрлі оқушыларға қарай сұрақтарды саралауға болады. Оқушының білім алуын қолдау үшін сұрақ қоюдың түрткі болу, сынақтан өткізу және қайта бағыттау сияқты әртүрлі техникаларын пайдалануға болады.

Түрткі болу: түрткі болуға арналған сұрақтар бірінші жауап алу үшін және оқушының жауабын түзетуге көмектесу үшін қажет, айталық, сұрақты қарапайым етіп қою, өткен материалға оралу, ойға салу, дұрысын қабылдау және толығырақ жауап беруге итермелеу. Сынақтан өткізу: сынақтан өткізуге арналған сұрақтар оқушыларға анағұрлым толық жауап беруге, өз ойларын анық білдіруге, өз идеяларын дамытуға көмектесетіндей етіп құрылуы қажет, сондай-ақ «Сіз мысал келтіре аласыз ба?» деген сияқты сұрақтар тапсырманы орындау барысында оқушыға бағдар беріп отырады.

Қайта бағыттау: сұрақты басқа оқушыларға қайта бағыттау, мысалы, «Көмектесе алатындар бар ма?»

Оқытуды диалогтік тәсілмен дамытудағы сұрақтардың маңызын қарастыратын болсақ, сұрақ қою арқылы мұғалім:

- оқушыларды тақырып бойынша және сындарлы сөйлеуге ынталандырады;
- оқушылардың шынайы қызығушылығы мен сезімдерін анықтайды;
- білімге құштарлықты дамытады және зерттеуге ынталандырады;
- оқушыларға білімін қалыптастыруға және вербалдандыруға көмектеседі;
- оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауына ықпал етеді;
- оқушыларға сыни тұрғыдан ойлауға көмектеседі;
- оқушылардың бір-бірінен үйренуіне, басқа оқушылардың идеяларын құрметтеуіне және бағалауына ықпал етеді;
- әңгімелесу және ой елегінен өткізу көмегімен ойын жинақтауға көмек береді, іс әрекеттерін тереңдетеді және шоғырландырады;
- оқытуды қиындататын қиындықтар мен түсінбестіктерді анықтайды.

Қазақ тілі пәні оқушылар арасында бір сарынды, берілген шығарманың мазмұнын айту мен сыныптағы жаппай тізбектеп оқумен, мұғалімнің түсіндіру монологінен тұратын. Оқушылар жаттанды түрде шығарма мазмұнын айтқаннан гөрі, сол шығармадан өзіне өмірлік тәжірибе жинақтай отырып, автордың негізгі ойын түсінуге бейімдейтін тапсырмалар дайындаған жөн деп есептеймін. Өткен тақырыпты сұраудан бұрын оқылған шығармалар мазмұны бойынша анкеталық сауалнама, шығарма авторына сұрақ әзірлеу, түйінін табу, сонымен қатар анықтау, талдау, жинақтау сұрақтары қамтылады.

«Шығармаға басқа қандай ат қояр едің?» сұрақтары төңірегінде оқушылар өзара диалогке түсіп, түрлі пікірлерімен, көзқарастарымен алмасады. Мысалы, «Дөңгелек үстел» тәсілі арқылы топ ішінде оқушылар кезекпен маркерді микрофон орнына ұстап, үй тапсырмасы туралы ауызша есеп береді. Мұғалім командасы бойынша «микрофон» келесі оқушыға беріледі. Топтан қалауы бойынша бір оқушы сыныпқа үй тапсырмасын айтады.

«Күтпеген кездесу» (автормен, түрлі шығарма кейіпкерімен), өз ой пікірін, тұжырымдамасын белгілі кейіпкерге жазу немесе айту. (8 Т2 оқу жоспарындағы көркем шығармалар: «Көксерек», «Он төрт жасар бала» «Дәрігердің үш қаруы»)

«Бос микрофон» ешқандай шектеусіз тақырыпқа сай айтылатын пікірлер.

«Шығарманы өз көзқарасыңмен, болжамыңмен аяқта» (өзіндік пікірін қосу, түйінді сөзбен немесе мақалмен, сөйлеммен жеткізу).

«Шығарманы рөлмен ойнау» берілген шығармаларды сахналау, көрініс әзірлеу.

«Үш қадамды сұхбат» 1-қадам. Оқушылар мысалдың алғашқы бөлігін оқиды. Содан кейін жұппен сұрақтар әзірлейді. Бірінші жұп жауап береді. 2-қадам. Керісінше. 3-қадам. Екі жұп тақырып бойынша бірлесіп, сыныпқа қандай сұрақ әзірлейтінін талқылайды.

«Сызбамен жұмыс» берілген мәліметтерді пайдалана отырып, автор туралы хабарлама әзірлеу.

Оқушылар талқылау барысында «Сен не ойлайсың?», өз пікірін негіздейтін «...сондықтан, мен осылай ойлаймын», «Қортындылай келе...», «Менің ойымша...» сөз тіркестерін қолдана отырып, топтық диалогтерге түсе алады. Әлеуметтік ортада осы сөз тіркестерін пайдаланып, әңгімеге түсу үшін, сабақта жиі қолдананады. Сабақ барысында оқушының жеке басының құлшынысы ең алдымен жеке тұлғаның күрделі құрылымының танымдық - шығармашылық компоненттерінің өміршеңдігі анықталды.

Айтылым дағдысын шығармашылық жұмыстар арқылы одан әрі жетілдіруге болады. Мәселен, 9 (Т2) сыныптың оқу жоспарындағы 1-тоқсанның 1-бөлім атауы – «Мәдениет – ойын-сауық». Бұл бөлімде А1. Сөздік қорының алуандылығы деген оқу

мақсаты бар, яғни, оқушылар тұрақты тіркестер мен көркемдегіш құралдарды қолданып, ауызша мәтіндер құрастырулары тиіс. Мұғаліммен бірге тұрақты тіркестер мен көркемдегіш құралдарды қайталап болған соң, оқушыларға жұпта немесе топта төмендегі кесте бойынша ертегі құрастыру ұсынылады. Кестені мұғалім алдын ала өзі дайындай алады немесе сабақ үстінде кейіпкерлер мен оқиға орнын оқушылар өздері ұсына алады.

2-бөлім атауы – «Мейрам дәне салт-дәстүрлер». Бұл бөлімде А6. Визуалды материалдар арқылы тілді дамыту оқу мақсаты ұсынылған. Оқушылар бұл мақсатқа жету үшін кесте, диаграмма, шартты белгілер немесе сызбаларда берілген ақпаратты талдап, баға береді. Мәселен, оқушыларға Жаңа жыл қарсаңындағы азық-түлік дүкендеріндегі бағалардың өзгеруін диаграммаға сүйеніп айтып беру ұсынылады.

Ал, А3. Орфоэпиялық нормаларды сақтау мақсатын жүзеге асыру үшін, оқушылар ауызша мәтіндер құрауда сөз ішіндегі және сөз аралығындағы ілгерінді, кейінді және тоғыспалы ықпал заңдылықтарын ескеріп айтады. Мағынаны тану кезеңінде ықпал түрлерімен жұмыс жасап болған соң, оқушыларды 3 топқа бөлуге болады. Орфоэпиялық нормаларды сақтай отырып, әр топ өздеріне тиесілі дәстүрді көрсету ұсынылады (шағын сахналық қойылым). 1-топ: Сүйінші; 2-топ: Көрімдік; 3-топ: Байғазы.

Т5. Негізгі ойды анықтау мақсатына жету үшін, оқушылар «Қызықты мерекелер» тақырыбындағы бейнебаянды тамашалайды. Жұпта әрқайсысына бөлінген бейнежазбадағы мерекенің өтілу барысын сипаттап (Кім? Қайда? Қашан? Қандай мақсатпен? деген сұрақтарға жауап береді), постер жасайды.

9 (Т2) оқу жоспарының 2-тоқсанындағы 1-бөлім атауы – «Ғұлама адамдар». Бұл бөлімдегі Т4. Көркем шығармаларды тыңдау мақсатын жүзеге асыру үшін, оқушылар орта көлемді прозалық, драмалық немесе поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдап, тақырыбы мен идеясын талдайды. Мысалы, оқушыларға ұсынылған Ы.Алтынсариннің «Жаман жолдас» әңгімесін назарын шоғырландырып тыңдамас бұрын, тыңдалымалды тапсырмасында оқушылар мәтіндегі жаңа сөздермен жұмыс жасайды. Содан соң жұптарға бөлініп, әр жұпқа белгіленген тапсырманы орындайды:

1-жұп: Әңгіме мазмұнын баяндаушылар;

2-жұп: Дәнекерлеушілер (Қазіргі заманмен байланыстыру);

3-жұп: Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар құрастырушылар;

4-жұп: Мәтіннің басты тақырыбы мен идеясын көрсететін сөйлемді

анықтаушылар (нақыл сөздер; мақалдар табу);

5-жұп: Кейіпкерлерге жаны аши отырып, кінәлаушылар (2 сөйлем құрастыру).

Ал, 2-бөлім атауы - «Тарих – өзгеріс сәттері». Бұл бөлімдегі Ж1. Өртүрлі стильде мәтіндер құрастыру мақсатын жүзеге асыру үшін, оқушылар «Егер сен Рафаэль Санти болсаң, қандай сурет салар едің? Ол несімен ерекшеленетін еді?» тақырыбында мәтін құрастырады.

Нәтижесінде мынандай міндеттер орындалады:

- Көркем шығармаларды оқуға сүйіспеншіліктері артады;

- Образға кіру, бар жан тебіренісімен оқуға машықтанады;

- Көркем шығармаларды оқуда эмоциялық-эстетикалық қабілеттері дамиды;

- Оқылған шығарма жайында түсінік қалыптаса отырып, өзіне деген сенімі артады.

Айтылым дағдысын қалыптастыру барысында мынандай дағды игеруге болатынына көзім жетті.

- Оқушылар дұрыс, шапшаң оқиды;

- Әдеби көркемдегіш құралдарды қолдана біледі;

- Кейіпкерлердің іс-әрекетінің себептерін анықтай алады;

- Ақпаратты өз бетімен іздеуге ынталанады.

Тіл дамытуға қойылатын талаптар:

• Әрбір оқушы мәдениетті сөйлеу, қарым-қатынас жасау үшін нені меңгеру керек деген сұрақ туады.

- Сөз мазмұнды болуға тиіс.
- Сөз жүйелі болу қажет.
- Сөз нақты, анық болу керек.
- Сөз мәнерлі болу қажет.
- Сөз түсінікті болу қажет.

Мұғалім әр сабақта оқушыға жағдай жасап, технологияларды жүйелі қолданып, оларды шығармашылықпен пайдалана білсе, жақсы нәтижелерге қол жеткізуге болады. Сондықтан да осындай әртүрлі тіл дамыту жұмысын жүргізу кезінде оқушылардың ой-өрісін дамытуға, терең білім алуларына мүмкіндік туады деп ойлаймын.

Әдебиеттер тізімі:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық 105-109 б. www.cpm.kz
2. 8, 9 (Т2) сыныптарына арналған «Кіріктірілген қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен оқу жоспары

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ НОВЫХ ПОДХОДОВ ПРЕПОДАВАНИЯ И ОБУЧЕНИЯ ДЛЯ РАЗВИТИЯ УЧЕБНЫХ ДОСТИЖЕНИЙ УЧАЩИХСЯ

Нурпаисова Гульжан Сатыбалдиевна
ГУ «Аманкарагайская средняя школа им. Н. Островского отдела образования акимата Аулиекольского района»

Аннотация

Мақала сабақтағы жұмыс жасаудың тиімді әдістеріне арналған. Оқыту үрдісінде ынтымақтастық ахуал тудыру, кері байланыс жүргізу және бағалауға ерекше назар аударылады. Инновациялық технологияларды қолдану нәтижесінде оқушылардың ойлау қабілеті артады, білім, білік, дағдыны меңгеруі қамтамасыз етіледі.

Аннотация

Статья посвящена эффективным методам работы на уроке. Акцентируется внимание на создание коллаборативной среды в учебном процессе, на проведение обратной связи и оценивания в процессе обучения. В результате обучения с использованием инновационных технологий повышается мыслительная деятельность учащихся, обеспечивается овладение учащимися знаниями, умениями и навыками.

Abstract

The article is devoted to effective methods of work in the classroom. Focuses on the creation of the collaborative environment in the educational process, to conduct feedback and evaluation in the learning process. As a result of training with the use of innovative technologies increases mental activity of students, ensures students master the knowledge, skills and abilities.

Түйінді сөздер: *сыни тұрғыдан ойлау, тиімді әдістер, диалогтік оқыту, ынтымақтаса оқыту, рефлексия, бағалау, ойлау қабілеті.*

Ключевые слова: *критическое мышление, эффективные методы, диалоговое обучение, коллаборативное обучение, рефлексия, оценивание, мыслительная деятельность*

Keywords: *Critical thinking, effective techniques, dialogue training, collaborative training reflection, evaluation, thinking.*

В современных экономических условиях необходимо всемерно поддерживать и развивать инновационную ориентацию системы образования. При этом речь идет о ее ориентации на проблемы и методы инновационной экономики и инновационной деятельности. Развитие критического мышления, умения планировать проектного типа задания - вот некоторые из новых направлений образовательного процесса.